

**"Медициналық мекемелердің, азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының, әлеуетті құрылымдар мен зейнетақыларды және жәрдемақыларды республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асыратын ұйымдардың тиісті қызметтерінің құжат айналымдарын, қайтыс болу, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін көшіп кету фактілерін растайтын құжаттарды тіркеу мен ұсынуды уақытында қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-әрекеттері туралы"**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 05.05.2000 N 106-ө, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 01.08.2000 N 75, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Төрағасының 15.05.2000 N 291 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 25 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1234. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2006 жылғы 29 қарашадағы N 264-ө, ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 318, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 20 желтоқсандағы N 631 Бірлескен бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2006 жылғы 29 қарашадағы N 264-ө, ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 318, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 20 желтоқсандағы N 631 Бірлескен бұйрығымен.*

*-----Бұйрықтан үзінді-----*

*1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2000 жылғы 5 мамырдағы N 106-ө, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 1 тамыздағы N 75, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 15 мамырдағы N 291 " Медициналық ұйымдардың, азаматтық хал актілерін жазу органдарының, әлеуетті құрылымдар мен республикалық бюджет қаражаты есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыратын ұйымдардың тиісті қызметтерінің құжат айналымын , зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың қайтыс болу, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактілерін куәландыратын құжаттарды уақытында тіркеуді және ұсынуды қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-әрекеттері туралы" бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2000 жылғы 25 тамызда N 1234 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетені, 2000 ж.,*

*N 10, 271 құжат) күші жойылған деп танылсын.*

*3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

*Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің  
міндетін атқарушы*

*Қазақстан Республикасының  
Әділет министрі*

*Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі*

-----  
Медициналық мекемелердің, азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының, әлеуетті құрылымдар мен зейнетақыларды және жәрдемақыларды республикалық бюджеттік қаражаты есебінен жүзеге асыратын ұйымдардың тиісті қызметтерінің өзара іс-қимылдарын жақсарту және алушының қайтыс болуына, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін көшіп кетуіне байланысты зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларды уақытында тоқтатуын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Медицина ұйымдарының басшылары:

дәрігерлердің бақылауындағы ауру адамның қайтыс болғандығы туралы АХАТ органдары мен азаматтардың хал актілерін тіркеуге уәкілетті селолық (поселкелік) округтердің лауазымды адамдарына бір тәулік ішінде хабарласын;

дәрігердің бақылауындағы қайтыс болған адамдардың толық тізімін әр айдың 5 жұлдызынан кешіктірмей аудандық (қалалық) азаматтардың хал актілерін тіркеу органдары мен азаматтардың хал актілерін тіркеуге уәкілетті селолық (поселкелік) округтердің лауазымды адамдарына ұсынсын;

ай сайын әр айдың 5-жұлдызына қарай өздерінің бақылауындағы қайтыс болғандарды азаматтардың хал актілерін тіркеу органдарымен, азаматтық хал актілерін тіркеуге уәкілетті селолық (поселкелік) округтердің лауазымды адамдарымен бірге салыстырып тексерсін;

өлімі туралы дәрігерлік куәлікті алушыларды АХАТ органдарында немесе азаматтардың хал актілерін тіркеуге уәкілетті селолық (поселкелік) округтерде өлімі туралы тіркеу және өлімі туралы куәлікті алу қажеттігі туралы хабардар е т с і н ;

өлімін уақытында дәрігерлік тіркеуді жеке бақылауына алсын, әрбір медициналық ұйымда осы бөлімге жауапты қызметкерді дербес белгілесін.

2. Аудандық, қалалық азаматтарды хал актілерін тіркеу бөлімдерінің басшылары немесе азаматтардың хал актілерін тіркеуге уәкілетті селолық (

поселкелік) округтердің лауазымды адамдары:

қайтыс болған зейнетақы және жәрдемақы алушылардың толық тізімін олардың фамилиясын, атын, әкесінің атын, туған жылын, тұрақты тұратын жерін, қайтыс болған күнін көрсете отырып, әр айдың 5-жұлдызынан кешіктірмей  
З Т М О - ғ а т а п с ы р с ы н ;

әрбір ұйымда қайтыс болған зейнетақы және жәрдемақы алушылардың тізімін ЗТМО-ға тапсыруға жауапты қызметкерді белгілеп, жеке бақылауына  
а л с ы н .

3. Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі уәкілетті органдардың, жергілікті атқарушы органдардың басшылары қайтыс болған жалғыздікті зейнеткерлер мен мүгедектердің тізімін ЗТМО-ға уақытында тапсыруды ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдасын, әрбір әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінде осы Бұйрықтың 2-тармағында көзделген жұмысқа жауапты әлеуметтік қызметкерді белгілесін.

4. АХАТ органдары, Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің, Республикалық Ұланның және Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің зейнетақылық қызметтері ұсынған мәліметтердің негізінде зейнетақы және жәрдемақы алушылар Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге көшіп кеткен, қайтыс болған жағдайда ЗТМО бөлімшесі, егер Қазақстан Республикасы заңнамасында және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, зейнетақылар мен жәрдемақыларды олардың есеп шоттарына аударуды зейнетақы және жәрдемақы алушы көшіп кеткен айдан кейінгі айдан немесе қайтыс болған күннен бастап тоқтатады.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты Әділет министрі  
әлеуметтік қорғау министрі

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау ісі жөніндегі  
агенттігі